

Анықтама

Іс-шара атауы: «Мен таңдаған мамандық» психологиялық тренингі

Күні: 15.01.2025 ж.

Қатысушылар: 10 сынып оқушылары

Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдауда олардың негізгі түрлері, классификациясы белгілері, мамандық тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта – ықыласын, қызығушылықтарын арттыру.

Қысқаша мазмұны: 15 қаңтар күні мектебімізде 10 сынып оқушыларына арналған «Мен таңдаған мамандық» атты психологиялық тренинг өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар мамандықтардың түрлері мен топтары, кәсіби бағыттаудың негізгі факторлары, мамандық таңдаудағы қиындықтар мен маңызды критерийлер туралы танысты. Тренингте «Кел танысайық», «Ойлан және жауап бер», «Дифференциалды диагностикалық сауалнама» (Е.А.Климов әдістемесі) және «Жаңа мамандықтар» сияқты практикалық жаттығулар жүргізіліп, оқушылар өз бейімділіктерін анықтады. Сонымен қатар, «Қол – мидың жалғасы» әдістемесі арқылы табиғи бейімділікке сәйкес мамандық саласы анықталды.

Қорытынды: Тренинг барысында оқушылар мамандық таңдаудың әртүрлі факторларын түсініп, өз қызығушылықтары мен бейімділіктерін айқындады. Іс-шара олардың кәсіби бағдарын қалыптастыруға, саналы түрде мамандық таңдауға және болашаққа сенімді қадам жасауға көмектесті.

Ұсынымдар:

- Оқушыларға мамандықтарға қатысты қосымша зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беру;
- Әртүрлі сала мамандарымен кездесулер ұйымдастырып, тәжірибелік ақпарат ұсыну;
- Кәсіптік бағдарлау бойынша тренингтерді жүйелі түрде өткізу арқылы оқушылардың таңдау жасау дағдыларын дамыту;
- Еңбек нарығындағы жаңа бағыттар мен мамандықтарды талқылайтын топтық жобалар мен презентациялар дайындауды ұсыну.



Анықтама

Іс-шара атауы: «Мамандықтар білгірі» кәсіби бағдар ойыны

Күні: 22.01.2026 ж.

Қатысушылар: 10 «Ә» сынып оқушылары

Мақсаты:

Оқушылардың мамандықтар туралы түсінігін кеңейту, мамандықты тек атау ретінде емес, өмір салты мен саналы таңдау ретінде қабылдауға бағыттау, болашақтағы еңбек нарығы, жасанды интеллекттің ықпалы және жеке қабілеттердің маңызы туралы ойландыру.


Қысқаша мазмұны:

22 қаңтар күні 10 «Ә» сынып оқушыларына арналған «Мамандықтар білгірі» кәсіби бағдар ойыны өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар «Факт немесе миф», «Мамандықты таны», «Сен кімсің осы жерде?» және «2035 жыл» атты раундтар арқылы әртүрлі мамандықтардың ерекшеліктерін, талап етілетін білім мен soft skills түрлерін, сондай-ақ болашақтағы мамандықтардың өзгеру мүмкіндіктерін талқылады.

Ойын кезінде оқушылар жасанды интеллекттің мамандықтарға ықпалы, тұрақтылық пен еркіндік арасындағы таңдау, кәсіби өмір мен жеке өмір теңгерімі сияқты өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты. Сонымен қатар, мамандықтың психологиялық қырлары мен жеке бейімділікке сәйкестігіне ерекше назар аударылды.

Қорытынды:

Іс-шара нәтижесінде оқушылар мамандық таңдауда сыртқы факторлармен қатар, өз қызығушылықтары мен психологиялық дайындығының маңызын түсінді. Ойын олардың сыни ойлау қабілетін дамытып, болашаққа саналы көзқарас қалыптастыруға ықпал етті. «Мамандықтар білгірі» кәсіби бағдар ойыны оқушылардың өз болашағына жауапкершілікпен қарауына және жеке кәсіби бағытын анықтауға көмектесті.



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 22 ЯНВАРЬ 2026 Г.

АВТОР: KOKSHETAU_DARYN

Анықтама

Іс-шара атауы: «ЖИ алмастыра ма, әлде көмектесе ме?» пікірталас

Күні: 21.01.2026 ж.

Қатысушылар: 9 «Б» сынып оқушылары

Мақсаты:

Оқушылардың жасанды интеллект туралы түсініктерін кеңейту, оның білім беру мен болашақ мамандықтарға ықпалын талдау арқылы сыни ойлау, дәлелді пікір айту және саналы кәсіби бағдар қалыптастыру дағдыларын дамыту.


Қысқаша мазмұны:

21 қаңтар күні 9 «Б» сынып оқушылары арасында «ЖИ алмастыра ма, әлде көмектесе ме?» тақырыбында пікірталас өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар екі топқа бөлініп, жасанды интеллекттің адамды алмастыруы немесе көмекші құрал ретінде қызмет етуі туралы өз көзқарастарын қорғады.

Пікірталас кезінде оқушылар нақты өмірден және білім беру саласынан мысалдар келтіріп, ЖИ-дің мүмкіндіктері мен шектеулерін, болашақ мамандықтарға әсерін талқылады. Сонымен қатар, ЖИ-ді оқу процесінде қолданудың этикалық қырлары мен жауапкершілік мәселелері қозғалды.

Қорытынды:

Іс-шара нәтижесінде оқушылар жасанды интеллекттің заманауи қоғамдағы рөлін тереңірек түсініп, ақпаратты сыни тұрғыда бағалау, өз ойын дәлелді түрде жеткізу және болашақ мамандықтарды таңдауда технологиялық өзгерістерді ескеру қажеттігін ұғынды. Пікірталас оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыруға және болашаққа саналы көзқарас қалыптастыруға ықпал етті.



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 22 ЯНВАРЬ 2026 Г.

АВТОР: KOKSHETAU_DARYN



Анықтама

Іс-шара атауы: «Мамандықтар әлемі: біз таңдайтын жолдар» TEDx форматындағы ой алаңы

Күні: 26.01.2026 ж.

Қатысушылар: 9 «А» сынып оқушылары

Мақсаты:

Оқушылардың болашақ мамандықтарға деген қызығушылығын арттыру, саналы кәсіби таңдау жасауға бағыттау, өз ойын еркін әрі дәлелді жеткізу, сөйлеу мәдениеті мен сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Қысқаша мазмұны:

26 қаңтар күні 9 «А» сыныбында «Мамандықтар әлемі: біз таңдайтын жолдар» тақырыбында TEDx форматындағы ой алаңы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар өздері таңдаған мамандықтар бойынша презентациялар дайындап, бұл таңдауға не себеп болғанын, болашақта өздерін қай салада елестететіндерін ашық әрі сенімді түрде баяндады.


Оқушылар жеке қызығушылықтары, қабілеттері мен қоғам сұранысын байланыстыра отырып, кәсіби жоспарларын ұсынды. Презентациялар барысында олардың ойлау қабілеті, сөйлеу мәдениеті және болашаққа деген жауапты көзқарасы айқын байқалды.

Қорытынды:

Іс-шара нәтижесінде оқушылар өз болашағына саналы түрде қараудың маңыздылығын түсініп, мамандық таңдаудың жауапкершілігін сезіне білді. TEDx форматындағы ой алаңы оқушылардың өзіне деген сенімін арттырып, кәсіби бағдарын нақтылауға ықпал етті.

Мектепшілік кезеңге өткен оқушылар:

- Серікжан Дінмұхаммед
- Касенова Айдана
- Нұрсұлтан Ақниет
- Аскерова Салтанат



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 27 ЯНВАРЬ 2026 Г.

АВТОР: KOKSHETAU_DARYN

Анықтама

Іс-шара атауы:

«Мамандықтар әлемі: біз таңдайтын жолдар» TEDx форматындағы ой алаңы

Күні:

27.01.2026 ж.

Қатысушылар:

9 «Ә» сынып оқушылары

Мақсаты:

Оқушылардың болашақ мамандықтар туралы түсінігін кеңейту, кәсіби таңдаудың маңыздылығын ұғындыру, өз ойын еркін жеткізу және саналы кәсіби бағдар қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны:

27 қаңтар күні 9 «Ә» сыныбында «Мамандықтар әлемі: біз таңдайтын жолдар» тақырыбында TEDx форматындағы ой алаңы өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар өздері таңдаған мамандықтар туралы ой бөлісіп, презентациялар арқылы болашаққа деген көзқарастарын ұсынды.


Әр оқушы кәсіби таңдаудың маңыздылығын түсініп, өз ойын еркін әрі жүйелі түрде жеткізе алды. Презентациялар барысында оқушылардың сөйлеу мәдениеті, ойлау қабілеті және болашаққа бағытталған көзқарасы айқын байқалды.

Қорытынды:

Іс-шара нәтижесінде оқушылар өз мүмкіндіктерін бағалап, болашақ мамандықты таңдауда саналы шешім қабылдаудың қажеттігін түсінді. TEDx форматындағы жұмыс оқушылардың өзіндік пікірін қалыптастыруға және кәсіби бағдарын нақтылауға ықпал етті.

Мектепшілік кезеңге өткен оқушылар:

- Жанузак Ажар
- Темеш Мирас
- Жунусова Аружан
- Баянбай Әмина
- Абсолям Алдияр



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 27 ЯНВАРЬ 2026 Г.

АВТОР: KOKSHETAU_DARYN

Анықтама

Іс-шара атауы:

«Мамандықтар әлемі: біз таңдайтын жолдар» TEDx форматындағы ой алаңы

Күні:

29.01.2026 ж.

Қатысушылар:

9 «Б» сынып оқушылары

Мақсаты:

Оқушылардың болашақ мамандықтар туралы түсінігін кеңейту, кәсіби таңдаудың маңыздылығын ұғындыру, өз ойын еркін жеткізу және саналы кәсіби бағдар қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны:


Іс-шара барысында оқушылар сирек кездесетін және ерекше мамандықтармен танысты: сомнолог, суасты ботаникасын зерттеуші және басқа да қызықты бағыттар ұсынылды. Әр оқушы кәсіби таңдаудың маңыздылығын түсініп, өз ойын еркін әрі жүйелі түрде жеткізе алды. Презентациялар кезінде оқушылардың сөйлеу мәдениеті, ойлау қабілеті және болашаққа бағытталған көзқарасы айқын байқалды.

Қорытынды:

Іс-шара нәтижесінде оқушылар өз мүмкіндіктерін бағалап, болашақ мамандықты таңдауда саналы шешім қабылдаудың қажеттігін түсінді. TEDx форматындағы жұмыс оқушылардың өзіндік пікірін қалыптастыруға және кәсіби бағдарын нақтылауға ықпал етті.

Мектепшілік кезеңге өткен оқушылар:

- Бақыткерей Мадид
- Ергалиева Айнаш
- Карпыкова Айлина
- Қаирбек Асылайым
- Дотей Айым



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 28 ЯНВАРЬ 2026 Г.

АВТОР: KOKSHETAU_DARYN

Анықтама

Іс-шара атауы: «Мамандықтар әлемі: біз таңдайтын жолдар» TEDx форматындағы ой алаңы

Күні: 29.01.2026 ж.

Қатысушылар: 10 «А» сынып оқушылары

Мақсаты:

Оқушылардың болашақ мамандықтар туралы түсінігін кеңейту, кәсіби таңдаудың маңыздылығын ұғындыру, өз ойын еркін жеткізу және саналы кәсіби бағдар қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны:


Іс-шара барысында оқушылар әртүрлі қызықты және сирек кездесетін мамандықтармен танысты. Әр қатысушы өз таңдауының себебін түсіндіріп, нақты мысалдармен ойларын дәлелдеді. Презентациялар кезінде оқушылардың логикалық ойлау қабілеті, сөйлеу мәдениеті және болашаққа деген жауапкершілік сезімі айқын байқалды.

Қорытынды:

Іс-шара нәтижесінде оқушылар өз мүмкіндіктерін бағалап, болашақ мамандықты таңдауда саналы шешім қабылдаудың қажеттігін түсінді. TEDx форматындағы жұмыс оқушылардың өзіндік пікірін қалыптастыруға және кәсіби бағдарын нақтылауға ықпал етті.

Мектепшілік кезеңге өткен оқушылар:

- Зейнолла Сымбат
- Базарқұл Мадияна
- Мұратбек Жанерке



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 29 ЯНВАРЬ 2026 Г.

АВТОР: KOKSHETAU_DARYN

Анықтама

Іс-шара атауы:

«Мамандықтар әлемі: біз таңдайтын жолдар» TEDx форматындағы ой алаңы

Күні: 30.01.2026 ж.

Қатысушылар: 10 «Ә» сынып оқушылары

Мақсаты:

Оқушылардың болашақ мамандықтар туралы көзқарасын кеңейту, кәсіби таңдаудың маңыздылығын түсіндіру, өз ойын дәлелді түрде жеткізуге үйрету және саналы кәсіби бағдар қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны:


Іс-шара барысында оқушылар әртүрлі заманауи және өзекті мамандықтарды таныстырып, не себепті дәл осы бағытты таңдағанын нақты аргументтермен түсіндірді. Қатысушылар өз ойларын еркін жеткізіп, жеке қызығушылықтары мен болашақ жоспарларын байланыстыра білді. TEDx форматындағы жұмыс оқушылардың сыни ойлауын, сөйлеу мәдениетін және жауапкершілік деңгейін айқындады.

Қорытынды:

Іс-шара нәтижесінде оқушылар болашақ мамандықты таңдауда өз қабілеттері мен қызығушылықтарын ескерудің маңызын түсінді. TEDx форматындағы ой алаңы кәсіби өзін-өзі анықтауға, жеке пікір қалыптастыруға және болашаққа саналы көзқарас дамытуға оң әсерін тигізді.

Мектепшілік кезеңге өткен оқушылар:

- Әнуар Румия
- Дүйсенбек Ақерке
- Серикова Дильназ
- Бегзан Зерде



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 30 ЯНВАРЬ 2026 Г.

АВТОР: KOKSHETAU_DARYN

Анықтама

Іс-шара атауы: «Мамандыққа апарар жол» кәсіби іскерлік ойыны

Күні: 03.02.2026 ж.

Қатысушылар: 10 «Ә» сынып оқушылары

Мақсаты:

Оқушылардың болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға деген көзқарасын қалыптастыру, мамандықты тек атау ретінде емес, белгілі бір жол мен даму процесі ретінде түсінуге бағыттау, жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін еңбек нарығы талаптарымен байланыстыра отырып ойландыру.

Қысқаша мазмұны:


03 ақпан күні 10 «Ә» сынып оқушыларына арналған «Мамандыққа апарар жол» кәсіби іскерлік ойыны өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар топтарға бөлініп, әртүрлі кейіпкерлерге арналған кәсіби бағытты анықтап, олардың болашақ мамандыққа жету жолын жоспарлады.

Ойын барысында оқушылар мамандық таңдаудағы негізгі факторларды, қажетті білім мен дағдыларды, мүмкін болатын қиындықтарды және оларды шешу жолдарын талқылады. Сонымен қатар, мамандық таңдауда жеке қызығушылық, қабілет, жауапкершілік және саналы шешім қабылдаудың маңызына ерекше назар аударылды.

Іскерлік ойын форматы оқушылардың өз ойларын еркін жеткізуіне, пікір алмасуына және нақты өмірлік жағдайларға талдау жасауына мүмкіндік берді.

Қорытынды:

Іс-шара нәтижесінде оқушылар мамандық таңдаудың бір сәттік шешім емес, жүйелі ойлауды және жоспарлауды талап ететін ұзақ мерзімді процесс екенін түсінді. Кәсіби іскерлік ойын оқушылардың сыни ойлау, шешім қабылдау дағдыларын дамытуға және өз болашағына саналы көзқарас қалыптастыруға ықпал етті.



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 3 ФЕВРАЛЬ 2026 Г.

АВТОР: KOKSHETAU_DARYN

Анықтама

Іс-шара атауы: «Мамандықтар жәрмеңкесі»

Күні: 02.02.2026 ж.

Қатысушылар: 9–11 сынып оқушылары

Ұйымдастырушылар: 11-сынып оқушылары

Мақсаты:

Оқушыларға түрлі мамандықтар туралы жан-жақты ақпарат беру, еңбек нарығындағы сұранысқа ие бағыттармен таныстыру, болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға бағыт-бағдар беру және оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын анықтауға ықпал ету.

Қысқаша мазмұны:

2026 жылдың 02 ақпан күні мектебімізде «Мамандықтар жәрмеңкесі» өткізілді. Іс-шараны 11-сынып оқушылары ұйымдастырып, өздері таңдаған мамандықтар бойынша ақпараттық таныстырылымдар жасады.

Жәрмеңке барысында биология және математика пәні мұғалімдері, экономистер, дәрігерлер, шығармашылық саланың өкілдері, әскери қызмет, заң саласы және IT мамандықтары таныстырылды. Оқушылар әр мамандықтың ерекшеліктері, қойылатын талаптары, қажетті білім мен дағдылар, сондай-ақ болашақтағы даму мүмкіндіктері туралы мәліметтер ұсынды.

Іс-шара интерактивті форматта өтіп, қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, мамандықтар туралы нақты әрі пайдалы ақпарат алуға мүмкіндік алды.

Қорытынды:

«Мамандықтар жәрмеңкесі» оқушылардың кәсіби бағдарын айқындауға, өз қабілеттері мен қызығушылықтарын бағалауға, болашаққа саналы көзқарас қалыптастыруға ықпал етті. Іс-шара оқушылардың мамандық таңдау мәселесіне жауапкершілікпен қарауына және өз болашағын жоспарлауына оң әсерін тигізді.



БІЛДІРІСІМДІК СІЛТІМДІК БАҒАНЫ 1-ФЕВРАЛЬ 2026
АВТОР: KOKSHETAU_DARYN

Анықтама

Іс-шара атауы: Кәсіби бағдар беру бойынша ақпараттық буклеттер дайындау және тарату
Күні: 30.01.2026 ж.

Қатысушылар: ата-аналар (ата-аналар жиналысы аясында)

Мақсаты:

Ата-аналарды қазіргі еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтармен таныстыру, әр мамандыққа сәйкес білім беру бағыттары мен жоғары оқу орындары туралы нақты әрі жүйеленген ақпарат ұсыну, оқушының болашақ мамандық таңдауына саналы қолдау көрсету.

Қысқаша мазмұны:

30 қаңтар күні ата-аналар жиналысы барысында кәсіби бағдар беру мақсатында ақпараттық буклеттер дайындалып, ата-аналарға таратылды. Буклеттерде мамандықтар әртүрлі комбинациялар бойынша жүйеленіп, әрбір мамандыққа сәйкес жоғары оқу орындары мен білім беру бағдарламалары көрсетілді.

Материалдар оқушының қызығушылығы, қабілеті және болашақтағы еңбек нарығы талаптарын ескере отырып құрастырылды. Буклеттерде гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық, техникалық, шығармашылық және IT бағыттағы мамандықтар қамтылып, ата-аналарға баласының кәсіби бағытын жоспарлауда нақты бағдар беретін ақпарат ұсынылды.

Ақпараттық материалдар ата-аналар тарапынан қызығушылық тудырып, мамандық таңдау мәселесін отбасылық деңгейде талқылауға мүмкіндік берді.

Қорытынды:

Іс-шара нәтижесінде ата-аналар мамандықтар мен жоғары оқу орындары туралы жүйелі ақпарат алып, баласының болашақ кәсіби бағытын саналы түрде қолдаудың маңызын түсінді. Ақпараттық буклеттер ата-ана мен оқушы арасындағы кәсіби бағдарға қатысты диалогты күшейтіп, мамандық таңдаудағы жауапкершілікті арттыруға ықпал етті.



Анықтама

Іс-шара атауы: «Ата-анамның жұмыс орнына бір күндік саяхат» кәсіби бағдарлау іс-шарасы
Өткізу мерзімі: 29.12.2025 ж. – 07.01.2026 ж.

Қатысушылар:

1. Жандарбек Жансая – 7 «А»
2. Әділмұрат Нұрсұлу – 7 «Ә»
3. Сашка Ұлболсын – 7 «А»
4. Ерғожа Інжу – 8 «Б»
5. Базарқұл Нұрислам – 7 «А»
6. Капарова Дина – 7 «А»
7. Есенжол Айша – 8 «Ә»

Мақсаты:

Оқушыларды ата-аналарының еңбек қызметімен таныстыру, түрлі мамандықтардың ерекшеліктерін нақты өмір мысалдары арқылы көрсету, еңбекке құрмет сезімін қалыптастыру және болашақ мамандық таңдауға саналы көзқарас қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны:


«Ата-анамның жұмыс орнына бір күндік саяхат» іс-шарасы аясында оқушылар ата-аналарымен бірге олардың жұмыс орындарына барып, бір күндік еңбек процесіне куә болды. Оқушылар ата-аналарының атқаратын қызметтері, жұмыс барысы, жауапкершілігі мен кәсіби міндеттері туралы ақпарат алды.

Іс-шара барысында оқушылар жұмыс орнында бейнематериалдар түсіріп, ата-аналарының мамандығын таныстыратын қысқаша видеолар дайындады. Түсірілген видеоларда еңбек тәртібі, жұмыс ортасы, мамандықтың маңыздылығы мен қоғамдағы рөлі көрсетілді. Бұл формат оқушылардың қызығушылығын арттырып, ақпаратты шығармашылық тұрғыда жеткізуге мүмкіндік берді.


Қорытынды:

Іс-шара нәтижесінде оқушылар ата-аналарының еңбегін тереңірек түсініп, әр мамандықтың артында үлкен жауапкершілік пен еңбек жатқанын ұғынды. Сонымен қатар, оқушылардың кәсіби бағдарлануына, еңбекке деген құрметінің артуына және болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға деген ынтасының қалыптасуына оң әсер етті. «Ата-анамның жұмыс орнына бір күндік саяхат» іс-шарасы оқушылардың өмірлік және кәсіби бағдарын кеңейтуге бағытталған тиімді тәжірибе болды.

Сілтеме: 1. Жандарбек Жансая – 7 «А»




2. Әділмұрат Нұрсұлу – 7 «Ә»



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 10 ЯНВАРЬ 2026 Г.

АВТОР: PARLIAMENT_OF_DARYNSCHOOL

3. Сашка Ұлболсын – 7 «А»



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 9 ЯНВАРЬ 2026 Г.

АВТОР: PARLIAMENT_OF_DARYNSCHOOL


4. Ерғожа Инжу – 8 «Б»



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 8 ЯНВАРЬ 2026 Г.

АВТОР: PARLIAMENT_OF_DARYNSCHOOL


5. Базарқұл Нұрислам – 7 «А»



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 8 ЯНВАРЬ 2026 Г.

АВТОР: PARLIAMENT_OF_DARYNSCHOOL


6. Капарова Дина – 7 «А»



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 10 ЯНВАРЬ 2026 Г.

АВТОР: PARLIAMENT_OF_DARYNSCHOOL

7. Есенжол Айша – 8 «Ә»



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 10 ЯНВАРЬ 2026 Г.

АВТОР: PARLIAMENT_OF_DARYNSCHOOL

Анықтама

Іс-шара атауы: «Мамандықты дұрыс таңдау – болашаққа бастар жол» кәсіби бағдар беру бағытындағы онлайн кездесу

Күні: 04.02.2026 ж.

Қатысушылар: Ақмола облысының 11-сынып оқушылары

Мақсаты:

11-сынып оқушыларына жоғары білім беру мүмкіндіктері туралы толық ақпарат беру, мамандықты саналы түрде таңдауға бағыттау, еңбек нарығында сұранысқа ие білім беру бағдарламаларымен таныстыру, болашақ кәсіби жолды жоспарлауда дұрыс шешім қабылдауға ықпал ету.

Қысқаша мазмұны:

04 ақпан күні Ақмола облысының 11-сынып оқушыларына арналған «Мамандықты дұрыс таңдау – болашаққа бастар жол» тақырыбында онлайн форматта кәсіби бағдар беру кездесуі өтті. Кездесу Zoom платформасы арқылы ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің (KazNARU) басшылығы, факультет декандары, қабылдау комиссиясының өкілдері мен студенттері сөз сөйлеп, университеттің білім беру бағдарламалары, оқу шарттары, мемлекеттік грант мүмкіндіктері және студенттік өмір туралы кеңінен ақпарат ұсынды.

Сонымен қатар оқушылар агробиология, ветеринария, инженерлік-технологиялар, су ресурстары және IT технологиялары, жасанды интеллект, бизнес және құқық бағыттарындағы мамандықтармен танысты. Студенттердің өз тәжірибелерімен бөлісуі арқылы оқушылар нақты өмірлік мысалдар негізінде мамандық таңдаудың маңызын түсінді.

Кездесу соңында сұрақ-жауап бөлімі ұйымдастырылып, оқушыларды қызықтырған сұрақтарға толық әрі нақты жауаптар берілді.

Қорытынды:

Іс-шара нәтижесінде 11-сынып оқушылары болашақ мамандықты таңдауда тек қызығушылыққа емес, өз қабілеті мен еңбек нарығының талаптарына сүйену қажеттігін түсінді. Онлайн кездесу оқушылардың кәсіби бағдарын кеңейтіп, жоғары оқу орнын саналы түрде таңдауға мотивация қалыптастыруға ықпал етті.



Анықтама

Іс-шара атауы: «Мен ата-анамның мамандығы туралы не білемін?» әңгіме-ойын

Күні: 18.02.2026 ж.

Қатысушылар: 9-сынып оқушылары

Мақсаты:

Оқушыларға ата-аналарының мамандықтарының қоғамдағы маңызын түсіндіру, ата-ана еңбегін құрметтеуге баулу, оқушылардың өз кәсіби бағытын тануына және болашақ мамандық таңдауға саналы көзқарас қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны:

18 ақпан күні 9-сынып оқушыларымен «Мен ата-анамның мамандығы туралы не білемін?» тақырыбында әңгіме-ойын өткізілді. Іс-шара интерактивті форматта ұйымдастырылып, оқушылардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілді.


Іс-шара барысында оқушылар ата-аналарының мамандықтарын гуманитарлық және техникалық бағыттарға бөліп, өздерінің кәсіби бейімдерімен салыстырды. Қозғалысқа негізделген тапсырмалар арқылы оқушылар кәсіби бағытты ойлау стилі, жауапкершілік ерекшелігі және жұмыс нәтижесіне бағытталуы тұрғысынан бағалады.

Келесі кезеңде оқушылар топтарға бөлініп, ата-аналарының мамандықтарының қоғамдағы рөлін талқылады. Топтық жұмыс барысында әр мамандықтың қоғам үшін атқаратын қызметі және аталған мамандықтар болмаған жағдайда туындайтын өзгерістер анықталды.

Рефлексия кезеңінде «Бақытты қоғам — ата-аналардың еңбегіне негізделген» тақырыбында визуалды жұмыс жүргізілді. Оқушылар ата-аналарының мамандықтарын қоғамның тұрақты дамуына негіз болатын фактор ретінде қарастырып, ата-ана еңбегінің маңызын түсінді.

Қорытынды:

Іс-шара нәтижесінде оқушылар ата-аналарының мамандықтары қоғамның тұрақты дамуына тікелей әсер ететінін түсінді. Әңгіме-ойын оқушылардың ата-ана еңбегіне деген құрметін арттырып, өз болашақ кәсіби жолын ойлауға, өзін-өзі тануға және саналы таңдау жасауға ықпал етті.



ВИДЕО РЕЛИС ОЦЕЛЫШЫКОВАНО 18 ФЕВРАЛЬ 2026 І.
АВТОР: KOKSHETAU_DARYN

